Газет 1970 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газета выходит с 1 января 1970 года.

# Іле таңы

№20 (4655)

Іле аудандық қоғамдық-саяси апталық | 1 сәуір (жұма) апреля (пятница) 2016 жыл год | Илийский районный общественно-политический еженедельник



**100 жасқа келген кейуана «Нұр Отанға» дауыс берді**

# Избран новый заместитель председателя районного филиала партии «Нұр Отан»



На днях в конференц-зале районного акимата состоялось заседание партийного актива, где обсуждался вопрос о назначении нового заместителя председателя районной партийной организации «Нұр Отан».

Данная должность освободилась в связи с избранием первого заместителя районного филиала партии и депутата районного маслихата Р.М.Абиловой секретарем представительного органа партии Илийского района. О чем мы писали в выступил заместитель председателя областного филиала партии Сыдык Абдыкадыров. Он отметил, что недавние выборы показали сплоченность казахстанцев и доверие выбранному курсу и победу партии «Нұр Отан». Четверо заместителей районных филиалов партии стали секретарями районных маслихатов, в том числе и Р.М. Абилова. Илийский районный филиал - один из многочисленных и активных в Алматинской области, его деятельность хорошо знают в Астане, в Центральном аппарате партийцами использования бюджетных средств, направляемых в социальную сферу в рамках реализации Посланий Главы государства и государственных программ. Учитывая большой опыт, долгую и плодотворную работу на различных должностях в Илийском районе, на освободившийся пост заместителя председателя районного филиала партии «Нұр Отан», руководство района по согласованию с руководством области, рекомендовало Е.С.Турумбетова. После процедур собеседования и тестирования Е.С.Турумбетова, в Астане был подписан приказ о его назначении.

Далее выступили: аким Ашибулакского сельского округа С. Кузимбаев, депутат областного маслихата Ж. Тельпекбаева, депутат районного маслихата М.Кошалко и почетный гражданин Илийского района Ш.Муканов. Все они отметили такие отличительные качества характера Ерболата Сапаровича, как интеллигентность, порядочность, трудолюбие и умение достигать поставленных целей.

В ответном слове Е.С.Турумбетов поблагодарил всех за теплые слова в его адрес. Признался, что его любимый район - Илийский, где он начинал свой трудовой путь и сформировался как человек, как специалист, как государственный служащий. И отметил, что в районе его всегда окружали очень хорошие люди, с которыми можно было эффективно работать на благо государства и района. Это и работники районного и сельских акиматов, руководители государственных учреждений, фермерских коллективов, промышленных предприятий, предприниматели. Это и депутаты старого и нового созывов и т.д. Всем им большое спасибо!

И на новом месте в качестве первого заместителя председателя районного филиала партии «Нұр Отан» Е.С.Турумбетов заверил, что за

# Болашаққа жетелер жарқын жол

Қандай ғылымның болмасын пайда болу тарихы, маңызы мен мақсаты және қоғамда алатын өз орны бар екендігі белгілі. Солардың ішінде басқа салалардан өзінің ерекшелігімен оқшауланатын бухгалтерлік есеп саласы бұдан бірнеше жүздеген жылдар бұрын пайда болып, күнделікті өмірде қолданылуы барысында қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайларына қарай өзгерістерге ұшырап келе жатқан ғылым болып табылады.

П. Самуэльсон «Біздің ғасырымыз - машина ғасыры, сондай-ақ ол бухгалтерлік есеп ғасыры болып табылады», - дейді.

Жалпы, бухгалтерлік есеп ұйымға оның қаржылық жағдайын жоспарлау, бағалау, бақылау және талдау секілді қызметтерді орындауды үшін қажет. Тек қана бухгалтерлік есеп арқылы ұйымның кірістері мен шығыстарын және шаруашылық қызметінің соңғы қаржылық нәтижесін анықтауға болады.

Бүгінгі таңда ел экономикасының дамуына байланысты, отандық өнімді өндіруші кәсіпкерлік қызметтердің пайда бола бастауына сәйкес, бухгалтерлік есептің маңызы мен рөлі арта түсуде. Еліміздегі жүргізіліп отырған бухгалтерлік есеп жұмысы ұйымдардың қаржылық жағдайын анықтап, бағалап, есептеп отырумен қатар оның алдағы уақыттағы экономикалық әл-ауқатын дамыту жолдарын жоспарлай білуі қажет. Сондықтан елде бухгалтерлер мамандарын барынша білімді етіп даярлау ұйымдардың экономикалық жағынан тұрақты дамуына кепілдік береді.

Бухгалтерлік есеп ұйымды тиімді басқарудың бір құралы болып табылады. Әлемнің барлық оқу орындарында бухгалтерлік есеп студенттер үшін маңызды пәндердің бірі болып саналады.

Осыған орай, білімнің қара шаңырағы - Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде Экономика және Жоғары Бизнес Мектебінің «Есеп және Аудит» кафедрасы еліміздің экономикасының қарқынды дамуына үлес қосатын білікті жас кадрлар даярлауда ерен еңбек етіп келеді.

«Есеп және аудит» мамандығының ауқымы өте кең. Оған дәлел ретінде, студент түлектердің, яғни жас мамандардың жұмысқа орналасу мүмкіндігі шексіз. Олар әр түрлі қызмет саласында бухгалтер, аудитор, жоспарлау-экономикалық бөлімінің маманы, бақылау-тексеру бөлімінің маманы, бас бухгалтер, қаржы директоры ретінде жұмыс істеумен қатар аудиторлық қызмет көрсету, бухгалтерлердің қызметін ұсыну, консалтингілік қызмет түрлерін көрсету фирмаларын ашу, табысты бизнесті жүргізудің де озық үлгілерін еркін меңгерумен қатар, өзге мамандармен тәжірибе алмасып, өз бағытын таңдауына жол ашық. Сонымен қатар, біздің кафедраның студенттеріне диплом алғаннан кейін нарықта қажеттірек болу мүмкіндігі пайда болды, халықаралық CIPA сертификация бағдарламасы, CAP - сертификатталған тәжірибелі бухгалтерге оқып, сертификатын алу мүмкіндігі бар.

Ертеңгі ел экономикасының болашағын берік қалап, өзіндік үлесіңді қосып, өз мамандығыңның кәсіби майталманы болғысы келетін дарынды, ізденімпаз, еңбексүйгіш жас өрендерді Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Есеп және аудит» кафедрасы құшағын жая қарсы алады.

***Г.Е.ЖУНИСОВА,***
***К.Т.АКИМБАЕВА,***
***Н.А.ТОВМА.***

активно развивающаяся наука о методах и технологиях производства различных ценных веществ и продуктов с использованием природных биологических объектов (микроорганизмов, растительных и животных клеток), частей клеток (клеточных мембран, рибосом, митохондрий, хлоропластов) и процессов. В ее основе стоят несколько наук, таких как биология, химия, физика. Спектр работ настолько широк, что некоторые отрасли биотехнологии, казалось бы, естественной науки перетекают в гуманитарное русло, порождая биоэтику и некоторые другие течения.

На сегодняшний день в производстве продуктов питания биотехнологии уже играют ведущую роль, биотопливо постепенно теснит традиционные углеводороды. Биотехнологическим способом производят генно-инженерные белки (интерфероны, инсулин, вакцины и т. п.), ферменты для фармацевтической промышленности, диагностических средств для клинических исследований (тест-системы на наркотики, лекарства), витамины, биоразлагаемые пластмассы, антибиотики, биосовместимые материалы. Ферментные препараты находят широкое применение в производстве пива, спирта, стиральных порошков, в текстильной и кожевенной промышленности. Особая роль отводится сельскохозя-

С работодателями заключаются Соглашения и Договора о сотрудничестве, обсуждаются требования, обязательные при реализации основных профессиональных образовательных программ.

На кафедре биотехнологии КазНУ им. Аль-Фараби имеются договора о взаимном научно-учебном сотрудничестве с : РГП Институт Биологии и Биотехнологии Растений КН МОН РК; РГП Институт Микробиологии и Вирусологии КН МОН РК; РГП Институт ботаники и фитоинтродукции КН МОН РК; НПЦ "Антиген"; РГП «Национальный центр биотехнологии Республики Казахстан» КН МОН РК; Республиканский Центр по профилактике и борьбе со СПИД; ТОО «Фуд Мастер»; РГП Институт общей генетики и цитологии КН МОН РК.

При заключении договоров обсуждается совместная деятельность по организации процесса производственного обучения и производственной практики на основе учебных планов и учебных программ по специальностям и уровням подготовки. Особое внимание уделяется реализации общих и профессиональных компетенций в период производственной практики. Прохождения студентами различных практик, являются составными частями основных образовательных программ и представляют собой одну из форм

мые знания и обрести себя в **новой профессии**. Обучение проходит в аудиториях и научных лабораториях, оборудованных современными приборами, компьютерами, мультимедийной аппаратурой и наглядными пособиями. Кроме того ведутся экспериментальные работы по научным проектам, финансируемым МОН РК и студентам и молодым ученым, подающим большие надежды предоставляется возможность участия в данных исследованиях. На кафедре вас ждут современные технологии обучения, обучение на английском языке, электронные библиотечные ресурсы, интереснейшая творческая среда, характерная для самых талантливых и амбициозных студентов. Регулярно в течение года к нам приезжают иностранные ученые, которые проводят занятия со студентами и делают доклады на научных семинарах. Мы будем рады видеть Вас среди будущих студентов 1-курса КазНУ имени Аль-Фараби уже в сентябре этого года и желаем Вам успехов!

***Авторы: преподаватели кафедры биотехнологии факультета биологии и биотехнологии КазНУ имени Аль-Фараби, к.б.н.***
***А.К.САДВАКАСОВА, к.б.н.***
***Н.Р.АКМУХАНОВА, д.б.н.***
***Б.К.ЗАЯДАН, к.б.н.***
***А.С.КИСТАУБАЕВА.***
***Д.К. КИРБАЕВА.***

# Өткеніміз - өнеге, күткеніміз – келешек

Елімізде білікті және білімді кәсіби мамандар дайындау жоғары оқу орындарынан (ЖОО) бастау алады. Сондай ЖОО-ның бірі және бірегейі 1934 жылы құрылған Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті мемлекетіміздің білімі мен ғылымының ордасы, қара шаңырағы болып саналады. Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ерекше мәртебесі бар Қазақстанның жетекші классикалық университеті, жоғары кәсіби, жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен ғылымды инновациялық дамытудың ұлттық көшбасшысы, еліміздің жоғары оқу орындары арасындағы бірінші Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының иегері. Университетте еліміздің барлық аймағынан келген 20 мыңнан астам студент, сондай-ақ алыс-жақын шетелден келген студенттер білім алады.

Жалпы, Университет территориясында 100 гектарға жуық жерді алып жатқан Қазақстанда теңдесі жоқ оқу - ғылыми «ҚазҰУ қалашығы» кешені, мұнда оқу корпустары мен зертханалар, жатақханалар, республикадағы жалғыз О.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы, спорт кешені және стадион, тамақтану комбинаты, кинотеатр және Ыстық көлде спорт-сауықтыру лагері орналасқан. Сонымен қатар Университетте 8-ғылыми-зерттеу институты, 23-орталық, оның ішінде Орталық Азияда және Қазақстандағы жалғыз Хьюллет-Паккард IT-технология орталығы, технопарк, бизнес-инкубатор, коммерциаландыру кеңсесі бар.

Университет өз тарихында білім беру саласында көптеген жетістіктерге жетті. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і тек республикалық ғана емес, сондай-ақ әлемдік білім беру кеңістігінде лайықты орынға ие. Университет 14 факультетте 180 мамандық бойынша бакалавр, магистратура, доктарантура академиялық дәрежесі берілетін түлектер дайындайды. Оның құрамында 1949 жылы бастау алған философия және экономика факультетінің даму тарихы мен алатын орны ерекше. Осы уақыттан бастап бұл факультет жоғары дәрежелі халық шаруашылығына керекті экономистерді дайындайтын орталыққа айналып, тез қанатын жая бастады. Бүгінгі таңда бұл факультет «Экономика және бизнес жоғары мектебі» деп аталады. Бұл факультет экономика саласында сапалы, әрі заманға сай жоғары білім алушылар ордасы. Факультет деканы - Ермекбаева Баян Жүндібайқызы. Факультет құрамы төрт кафедрадан тұрады: Экономика, Менеджмент және маркетинг, Есеп және аудит және Қаржы кафедрасы. Оның ішінде елімізге білікті де білімді қаржыгер мамандар даярлайтын «Қаржы» кафедрасының алатын орны ерекше. «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі - э.ғ.к., доцент Арзаева Маия Жеткергеновна. Кафедра меңгерушісінің оқу-әдістемелік, тәжірибелік жұмыстар жөніндегі орынбасары Мустафина Акмарал Кажыгалиевна. Кафедра меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары Садыханова Динара Амангельдиевна. «Қаржы» кафедрасы бакалавриат, магистратура бағдарламалары бойынша мамандарды дайындайды. Кафедрада өз мамандықтарының нағыз маманы, профессорлар, доценттер мен білікті оқытушылар қызмет етеді. Кафедра түлектері Қазақстан Республикасының беделді ұйымдарында, атақты шетел компанияларында жұмыс істейді.

«Қаржы» кафедрасы әртүрлі меншік нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін күндізгі және дистанциондық (қашықтықтан) оқу бөлімдерінде қаржыгер мамандар даярлайды.

Сонымен қатар оқу жүйесіне интерактивтік, электрондық тағы басқа жаңа инновациялық әдістер енгізілуде.

Кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысы негізінен жаһандану жағдайында Қазақстан экономикасы мен қаржы жүйесінің өзекті мәселелерін зерттеуге, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету факторы ретінде инновациялық белсенділікті арттыру механизмін жетілдіруге бағытталған.

Кафедра жыл сайын жас мамандар даярлай отырып, еліміз бен кафедра үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандар шығаруда. Кафедра түлектері Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі, Коммерциялық банктер, Салық комитеті, Қазынашылық, Кеден органдары, сақтандыру компаниялары, басқа да қаржы-несие ұйымдары мен меншіктің барлық нысандарындағы заңды тұлғаларда білікті, әрі бәсекеге қабілетті қаржыгерлер ретінде қызмет атқаруда.

Қазіргі шақта өзін сүйетін, болашақта ризығын көретін мамандықты таңдаумен қатар, сол білімді беретін жоғары оқу орнын дұрыс таңдаған абзал. Құрметті талапкер, қара шаңырақтың қол астында өз арманыңа қол жеткізуге асық!

***Н.Н.КЕРІМБЕКОВА,***
***Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң Экономика және Бизнес Жоғары мектебі.***